

## Успен ауданының жерлерді бөлу нобайын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 шілдедегі N 93 /17 шешімі. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 тамызда N 12-12-76 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 85/18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 31.07.2017 № 85/18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, 1-тармағының 13)-тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы Успен ауданының жерлерін аумақтарға бөлу нобайы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми басылымға жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Аудандық мәслихаттың IV сайланған  
XVII сессия төрағасы  
Аудандық мәслихатының хатшысы*

*О. Устименко  
Т. Байғожинов*

Успен аудандық мәслихатының  
2009 жылғы 28 шілдедегі  
№93/17 шешіміне қосымша

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігі  
Агентство Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами  
«ПавлодарЖерҒОО» еншілес мемлекеттік кәсіпорын  
Дочернее государственное предприятие «ПавлодарНПЦзем»

Павлодар облысы  
Успенка ауданы  
Жерін  
**АЙМАҚТЫҚТАРҒА БӨЛУ**  
**СХЕМА ЗОНИРОВАНИЯ**  
земель  
Успенского района  
Павлодарской области

«Павлодар ЖерҒОО» ЕМК  
ДГП «ПавлодарНПЦзем»

Жерге орналастыру және жер  
Кадастры бөлімнен бастығы  
Нач. отдела землеустройства и  
земельного кадастра М.С. Баймағамбетов  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

Эксперт тобының жетекшісі  
Руководитель экспертной  
группы А.В. Семенов  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

Сектордың бастығы  
Нач. сектора М.К. Фатихова  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

Жерге орналастырушы инженер  
Инж. – землеустроители Н.Н. Трякшина  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

В.Г. Дулашева  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

А.В. Камкина  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

Г.И. Калыкова  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

И.Г. Журавникая  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

Р.К. Нурмағанбетова  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

В.М. Мазманили  
(қолыменгі, қолы, аты-жөні)  
(должность, подпись, Ф. И. О.)

г. Павлодар 2009 ж.г.

## МАЗМҰНЫ

р/с	Тараудың, құжаттың атауы	Беттердің нөмірі	Ескерту
1.	Түсіндірме жазбахат	3	
	Жоба – ісестіру материалдарының болуы	3	
	Ауданның жер қоры жағдайының талдауы	4	
	1. Олардың аумақты пайдалану сипатына әсерін тигізетін табиғат жағдайлары мен бағасы	4	
	2. Аудан жер қорының жағдайы және оны тиімді пайдалану:	9	
	1. Ауданның жер қорын бөлу	9	

2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу	11	
3. Елді мекендер жерін аймақтарға бөлу	13	
4. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерді аймақтарға бөлу	14	
5. Ерекше қорғалатын аумақтардың жерін аймақтарға бөлу	15	
6. Орман қоры жерін аймақтарға бөлу	16	
7. Су қорының жерін аймақтарға бөлу	16	
8. Босалқы жерлерді аймақтарға бөлу	17	
2. Кестелер	18	
1. Ауданның жер қорының құрамы және құрылымы	18	
2. Жерді санаттар бойынша бөлу серпіні	19	
3. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы алқаптары алаңдарының серпіні	20	
4. Олардың құнарлылығына әсер ететін қасиеттері бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының сипаттамасы	21	
5. Шабындықтардың мәдени–техникалық жағдайы	22	
6. Жайылымдардың мәдени–техникалық жағдайы	23	
7. Аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамы	24	
8. Жердің агроклиматтық жағдайы және кадастрлық бағасы	34	
9. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің серпіні	37	
10. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу	38	
11. Елді мекендер жерінің серпіні	39	
13. Елді мекендер жерін аймақтарға бөлу	40	
14. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жердің серпіні	41	
15. Жерді ерекше шарттармен пайдалану аймақтары	42	
16. Ластанған және бүлінген жерлердің консервациясы	43	
17. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерді аймақтарға бөлу	44	
18. Ерекше қорғалатын аумақтардың жерін аймақтарға бөлу	46	
19. Орман қоры жерінің серпіні	47	
20. Орман қоры жерін аймақтарға бөлу	47	
21. Су қоры жерінің серпіні	50	
22. Су қоры жерін аймақтарға бөлу	50	
23. Босалқы жердің серпіні	53	
24. Босалқы жерді аймақтарға бөлу	53	
25. Ауданның жер қорын аймақтарға бөлу	54	
3. Шешім	55	

Құрастырған инженер – жерге орналастырушы: И. Г. Журавицкая  
маусым, 2009 ж

**Түсіндірме жазбахат**  
**Кіріспе**

Жерлерді бөлудің аймақтық сұлбасы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес іске асырылады.

Жердің аймақтарын олардың нысаналы мақсатын және пайдалану тәртібін белгілеумен анықтау аймақтарға бөлудің негізі болып табылады.

Жер пайдалану тәртібін анықтау нысаналы мақсат бойынша жер қорын сауатты, тиімді пайдалану үшін нақтылы негіз құруға мүмкіндік жасайды. Жердің жылжымайтын мүлік нарығын дамыту үшін Жер кодексін іске асыру жөніндегі негізгі міндеттердің бірден – бір шешімі болып табылатын, жер ресурстары мен кадастр жүргізудің мемлекеттік есебін түбегейлі жақсартады.

## **Жоба – іздестіру материалдарының болуы**

Успен ауданы жерлерін аймақтарға бөлу сұлбасын әзірлеу кезінде аталмыш материалдар зерделенді және қолданылды:

- аудандық жоспарлау сұлбасы, 1972 ж.;
- 2000 жылға дейінгі кезеңдегі ауданның жерге орналастыру сұлбасы;
- жер алқаптары сапасының сипаттамасы, 1980 ж.;
- шабындықтар мен жайылымдардың сапалық сипаттамасы, 1995 ж.;
- жердің топырақтық топтастыру материалдары, 1982 ж.;
- Павлодар облысы азықтық алқаптарының мәдени – техникалық жағдайы, 1996 ж.;
- ауданның ауылдық елді мекендер аумағының жер – шаруашылық орналастырылуы, 2001 – 2004 ж.;
- түгендеу материалдары (айдалатын жерлердің шекарасын және алаңын анықтау, 2002 ж.;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу жөніндегі материалдар, 2004 ж.;
- топырақ зерттеу материалдары;
- ӘЖ – 35 кВ, ӘЖ - 110 кВ, "Павлодарэнергосервис" ААҚ, 2000 ж. қорғау аймақтары жерлерін анықтау жөніндегі материалдар;
- Успен ауданы орман қоры жер телімдерінің шекара жоспары, 2003 ж.;
- автожолдар бойындағы орман алаптарында тұрақты жер пайдалану құқығын ресімдеу бойынша құжаттар, 2005 ж.;
- "Қазавтожол" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны мен " Павлодар облысының коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникация департаменті" ММ жер телімдеріне жер пайдалану құқығына құжаттар әзірлеу жөніндегі материалдар, 1999-2003 ж.;
- автомобиль жолдарын түгендеу жөніндегі материалдар, 1996 ж.;

- "Қазавтожол" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны мен " Павлодар облысының коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникация департаменті" ММ жер телімдеріне облыстық мақсаттағы автожолдарды орналастыру және қызмет көрсету үшін жер пайдалану құқығына құжаттар әзірлеу жөніндегі материалдар, 2003 ж.;

- ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 42 қаулысымен бекітілген су қорғау аймақтары мен алқаптарын белгілеу ережесі;

- Успен ауданы бойынша шағын көлдер, өзендер, бұлақтар, тоғандар және су қоймаларын түгендеу материалдары, 1990 ж.;

- Успен ауданы колхоздарының ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобалары, 1987 ж.

## **1. АУДАННЫҢ ЖЕР ҚОРЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТАЛДАУЫ**

### **1. АУМАҚТЫ ПАЙДАЛАНУ СИПАТЫНА ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘСЕР ЕТЕТІН БАҒАСЫ**

Успен ауданы Павлодар қаласынан солтүстік – шығысқа қарай, Павлодар облысының шығысында орналасқан және солтүстік – батысында Қашыр ауданымен, оңтүстік – батысында Павлодар ауданымен, оңтүстік – шығысында Шарбақтымен, шығысында Ресей Федерациясымен шектеседі. Ауданның аумағы жинақы, жалпы көлемі 549416 га (01.11.08 ж.баланс бойынша).

Ауданның әкімшілік орталығы – Успен ауылы, ауданның оңтүстік – батыс бөлігінде орналасқан (ауданның облыс аумағындағы орналасу сұлбасы қоса берілді).

Успен ауданынан Павлодар қаласы облыстық орталығына дейін арақашықтығы 96,0 км, Павлодар қаласымен байланыс облыстық мақсаттағы автожолдар арқылы жүзеге асырылады. Аудан аумағында теміржол стансалары жоқ. Сондай – ақ жақын арадағы 24 км Тұзқала стансасына дейін әуе байланысы жоқ. Павлодар - Лозовое автожолы негізгі көлік магистралі болып табылады.

Ауданның климаты өкпек континенттілігімен: көктемгі – жазғы кезеңдердегі құрғақтылығымен, жазда ауа температурасының жоғарылығымен, қыста төменділігімен, жылдар бойы атмосфералық жайын – шашынның аздығымен және тұрақсыздығымен, барлық жыл ішіндегі желдің елеулі қызметімен сипатталады. Көбінесе көктемгі кезеңде үдемелі болатын, оңтүстік - батыс және батыс бағыттардағы желдер басымдығы жоғары желдер болып табылады.

Ауданның агроклиматтық қатынасында 2 аймаққа бөлінеді: ауданның солтүстік бөлігі біркелкі қуаң, орталығы мен оңтүстігі қуаң.

Біркелкі қуаң аймақта жауыш - шашынның жылдық орташа мөлшері –3,5 374 мм, қар жамылғысының биіктігі – 20-25 см, аязсыз кезеңдердің ұзақтығы – 3,5 ай.

Қыста ауданның барлық аумақтарында ауа райы –20 градус температурамен – 70 - 80 күн бұлыңғыр және салқын, қыстың өте салқын күндерінде – 30 градус температурамен 25-30 күнге жетеді. Ауа температурасының аса тұрақсыздығы қыс айлары үшін ерекше, сонымен қатар өте төменгі температурамын жылымық болуы да мүмкін. Төменгі температуралар және жеткіліксіз қарлы жамылғы топырақтың терең тоңдануының себебі болып табылады. Қар жамылғысы қазан айының соңы - қараша айының басында пайда болады және сәуір айының бірінші онкүндігіне дейін тұрады.


Қыстан көктемге ауысу кезінде температураның күрт үдей түскені байқалады

Құрғақ, желді, сирек болатын күндізгі жоғары температурамен тоңазытулар 15 – 25 мамырда тоқталатын, көктем мезгілі өсімдіктердің дамуы үшін маңызды мезгіл. Жылдың көктемінде ашық топырақ үшін өте зиянды және шаң – тозаңды дауылға әкеліп соғатын, оңтүстік – батыс және батыс бағыттардағы желдің жылдамдығы 5 м/сек. жуық. Сондықтан мамыр – эрозиялық қатынаста өте қауіпті ай.

Жазы құрғақ және ыстық. Ең ыстық ай – шілде айы, ауаның тәуліктегі орташа температурасы + 20 жуық, ең жоғарғысы + 35.

Күзі көктем сияқты – қысқа мерзімді, жауын – шашынның аздығымен сипатталады. Алғашқы қатқақтар көптеген жағдайда қыркүйек айының ортасы мен соңында болады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ




Аудандардың тізімі

1. Баянауыл
2. Ақсу қаласы ауылдық аймағы
3. Железинка
4. Ертіс
5. Қызыр
6. Ақтоғай
7. Ақсу
8. Май
9. Павлодар
10. Успенка
11. Шарбақты
12. Екібастұз қаласы ауылдық аймағы
13. Павлодар қ.

Шартты белгілер:

- Павлодар** — Облыс орталығы
- Баянауыл** — Аудан орталығы
- ⊙ — Облыстық бағыныстағы қалалар
- — Өзге де елді мекендер
- — — — — Одақтас республикалардың шекаралары
- — — — — Облыстардың шекаралары
- — — — — Аудандардың шекаралары
- — — — — Темір жолдар
- — — — — Тас жолдар және басқалары
- — — — — Өзендер, көлдер

## Агроклиматтық аудандастыру сұлбасы



Барлық қолайсыздық факторларға көктемнің кештігіне және күздің ерте қатқақтарына, жауын – шашынның қамтамасыз етілуінің жетімсіздігіне, күшті желге, шаң – тозаңды дауылдарға, күшті қатқақтарға және жазғы жоғарғы температураға қарамастан, климат жағдайы ауыл шаруашылығы өндірісімен табысты айналысуға мүмкіндік береді.

Рельефі. Ауданның аумағы Ертістің жазық даласы шегіндегі батыс – Сібір жазығының бір бөлігі болып табылады. Жазық өзінің ұзындығы жағынан әлсіз бұйра рельефімен және жеңіл сызылған төменгі аралық жалдарымен сипатталады



Рельеф үшін шектелген және белгіленген шұңқырлардың сондай – ақ көлдер мен сорлы жазықтардың саны: Әж - Болат, Табылжан, Қонжұбаев және де басқалары өзіне тән қасиет. Негізінде шұңқырлардың байрайлары көлбек, жиі сатыланған. Шұңқырдың жасы төрттіктен жоғары, қазіргі заманға сай. Шұңқырдың микроклиматы төмпешік, төбешік, шұңқыр, және терең емес ор түрінде әртүрлі бұдырлармен берілген. Кейбір жерлерде кәдуілгі жеңіл құмды жыныстармен үйілген кішкентай жалдар кездеседі.

Ауданда пайдалы қазбадан, Үлкен және Кіші Табылжан көлдерінде ас тұзы Үлкен Әжболат көлінде глаубер тұзы бар.

Ас тұзын өңдеу бұрынан жүргізілуде және әлі де жалғасын табуда. Ауданда сапасы жағынан Сарыағаштан кем түспейтін, минералды су ашылды. Кірпіш саз балшығының кен орны бар.

Топырақтық жамылғысы. Аудан аумағы екі табиғи - ауылшаруашылық аймаққа кіреді:

Ауданның солтүстік бөлігі (бұрынғы "Маяк" және. СОКП 21 съезі атындағы колхоздар) Қазақстан провинциясының оңтүстік қара топырақты қуаң аймағына жатады; аумақтың қалған басым бөлігі Қазақстан провинциясының қою қызыл қоңыр топырақты қуаң далалық аймаққа жатады.

Топырақтың, негізінде, оларда 2 – ден жоғары емес, 3 % сирек кездесетін әлсіз қамтамасыз етілген қарашірігі бар немесе фосфор мен азоттың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілмеген кешендер түрінде жатады.

Аудан аумағы табиғи аймақтылыққа сәйкес 4 табиғи аймаққа бөлінеді:


Бурла саздақ және құмайт қою қызыл топырақты, әлсіз бұйра қуаң далалы ауданы Бурла өзені өзінің суын Ертіске құятын, сортаң – шалғынды – қызыл қоңыр топырақты кешендер мен сорлармен ағыстың ежелгі аңғарын қамтиды; Батыс – Құлынды жазық қуаң далалық ауданы сортаң жерлер кешенінде қалыпты қою қызыл қоңыр топырақты жерлері мен шалғынды қызыл қоңыр топырақты үйлестіруде рельефтің депрессияға ұшырауы кезінде сорлар, батпақты топырақтар, сондай – ақ шалғынды және сорлар кездеседі.

Әлсіз бұйра құмайт қою қызыл топырақты және шалғынды – қызыл қоңыр топырақты сәл бұйраланған және шектелген аз басымдығымен бұйра жалды жазықты Павлодар шағын ауданы жойылып кетуге тап болған, сондықтан жел эрозиясынан қорғау жөніндегі кешенді шараларды қажет етеді.

Федоров ауданы саздақ сортаң - қара топырақты кешендерінің тұзды дақтармен әлсіз бұйра шоқ ағашты.

Жер бетіндегі және жер асты сулары топырақ тұзу процестерінің бірі болып табылады. Топырақтың шығу тегі, тұздардың ауысуы және қарашірік заттары олармен байланысты. Климаттың құрғақтығы мен тегіс рельефтің басымдығы ауданның негізгі гидрологиялық және гидрографикалық ерекшеліктерін - өзен

жүйесінің нашар дамуы мен өзен суының молдығын анықтады. Бурла ауданның солтүстік – шығысына ағатын жалғыз өзен, ол Алтай өлкесінен басталады және Әжболат өзеніне құяды. Өзеннің арнасы жылдың көктемгі – күзгі кезеңдерінде барлық бойына еріген және жаңбыр суларымен толығады.



Өзен жазғы мерзімде ұсақ көпіршіктер, көлшелер, сорлардың пайда болуымен кеуіп қалады. Өзен суы көктемде қар еріген кезде тұщы, ал жаз бен күзде ащы болады. Өзен шаруашылық мақсатта емес. Өзен тек қана малдарды суару үшін ғана пайдаланылады.

Көлдер өлшемі, тереңдігі, тұздарының құрамы жағынан әр түрлі, көпшілігі ағынсыз шұңқырларда. Олардың өлшемдері енінің шегінде: 0,6 – 0,9 м аз

тереңдіктен көлемі 11544 га және 1227,6 га сәйкес келетін Үлкен және Кіші Табылжан көлдері, 241,7 га - Бажманов, 60,3 га Арынғазы көлі, 7723,7 га – үлкен Әжболат, 773,2 га – Кіші Әжболат көлдері сияқты, осындай кеңейген суайдындарына дейін өзгереді. Олардың тереңдігі 0,5 – 1,5 метрге дейін, барлық көлдер тұзды, ауыл шаруашылығы мақсатында емес.

Жер астылы сулары әртүрлі тереңдікте жер астында көлбей жатады: табақ тәрізді төмендікте, тереңдігі 2-4 м, 6-10 м жоғары учаскеде. Жер асты суларының қоректенуінің негізгі көздері: атмосферлық жауын – шашын және еріген сулар. Минералдану дәрежесі бойынша жер асты сулары негізінде тұщы. Минералды сулар тұзды неогенді сазбалшық және саздақтар суға төзімді көкжиек болып табылатын жерлерде кездеседі. Тұщы сулар алғашқы сортаңдануы болмайтын, құмдар мен құмайтардың төрттен бір бөлігінде жатады.

Ауданда сумен қамтамасыз ету артезиан ұңғымалары мен құбырлылардың, шахталықтардың, құдықтардың есебінен жүреді.

Өсімдігі. Ауданның солтүстік бөлігі оңтүстік қара топырақты және қою қызыл қоңыр топырақты бозды – түрлі шөпті даланы, сортаң топырақты және тұздалған топырақты голофитті даланы, сондай – ақ рельефтің жағымсыз элементтеріндегі мезофитті және гидрофитті өсімдіктерді сипаттайтын, Қызылту - Бурлак қуаң – дала облысы шегінде орналасқан. Осы шағын аймақтың жайылымы анағұрлым өнімді.

Ботаникалық - азықтық зерттеу материалдары бойынша олардың өнімділігі жылына орта есеппен гектарына 3-3,5 азықтық бірлікті құрайды.

Ауданның басым бөлігі солтүстігінде - бозды – түрлі шөпті дала, оңтүстігінде – бозды – бетегелі, қою қызыл қоңыр құмайт – құмды топырақты бозды – бетегелі дала сипаты бар Батыс – Құлынды қуаң дала облысы шегінде орналасқан.

Осы шағын аймақтың жайылымының өнімділігі гектарына 1,5 - 2,0 ц азықтық бірлікті құрайды.

Жер пайдалану ауданының көптеген бөлігі жылтылған, 1986 жылы егістік пен түбегейлі жақсартылған жерлердің үлес салмағы 75,5 %. Табиғи өсімдіктердің өсуі межелерде, жайылымдарда, жолдардың жиегі мен көлдердің ауданында сақталып қалған. Жыртылған жерлерде мәдени өсімдіктерден басқа, арамшөптер (сүттіген, бидайықтар, ақтікенше, қарасұлы, егін шырмауығы және басқалары) де кеңінен тараған.


Қою қызыл қоңыр топырақтардағы проективтік жамылғысы - 50-60 % құрайды, шалғынды тұзды топырақтарда - 70-80 % - ға, сорлы шалғынды далада, сортаң топырақты шалғында, шалғынды сорда - 30-50 %-ға жетеді.

Көп жылдық шөптер бойынша 1980-84 ж.ж. шөптің орташа шығымдылығы 4,5 ц/га құрады.

## 2. АУДАН ЖЕР ҚОРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ

### 1. Жер қорын жер санаттары және алқаптары бойынша бөлу

Ауданның жалпы ауданы 2009 жылғы 1 қаңтарда 549416 га құрады, оның ішінде 4666 га басқа аудандардың жер пайдаланушылары пайдаланады.



Егер ауылшаруашылығы мақсатындағы жер 288077 га орын алса, ауданның барлық жері 52 % құрайды.

Босалқы жерді 194718 га (35 %) құрайды. Суға арналған (24326 га) жерден басқа, ағашты – бұталы екпелер (728 га), батпақтар (556 га) орын алған, осы

санатқа уақытша пайдаланылмайтын егістіктер, жайылымдар және өзге де алқаптар енген.

Ауданда 0,2 % жуық орман қоры жері (1143 га) орын алған.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге де мақсатқа арналмаған жер 2269 га (0,4 %), мұнда су кәсіпшілігі мақсатындағы көлдер, ЭЖБ жері, автомобиль жолдары және өзге де ауыл шаруашылығынан өзге мақсаттағы кәсіпорындар кіреді.

Ауылдық елді мекен жері 76559 га (14 %) орын алған.

Ауыл шаруашылығы айналымындағы егістік, ауданның жыртылған жерінің 71 % (156059 га) орнын алған, қалған жерлері тыңайған жер жағдайында (64747 га).

Барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының 22 % жайылым (63039 га), 0,4 % шабындық (1094 га) орын тепкен.

1996 жылы аудандағы суармалы егістіктің көлемі барлық егістіктің 5 % құрайтын, 14379 га орын алды. 2009 жылдың басында аудандағы суармалы егістік 348 га (0,2 %) болды. Өте қуаң климат жағдайында суармалы егін шаруашылығы, малдың басын одан әрі көбейтуді және оның өнімділігін көтеруді қамтамасыз ететін, төзімді азықтық база құрудың көзі болып табылады.

Ауданның жер қорын жер санаттары бойынша бөлу, алқаптары бойынша құрамы, жылдар бойынша өзгеріс серпіні 1, 2, 3 кестелерде келтірілді.

## **2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлу**

Жердің осы санатының негізгі шаруашылық жүргізуші субъектілері шаруа, фермерлік шаруашылық, шаруашылық серіктестіктер мен азаматтар болып табылады. 2008 жылғы 1 қарашаға 215 шаруа қожалығы тіркелген, олардың ауданы – 194,7 мың га; шаруашылық серіктестіктер – 4, олардың алған орнының көлемі – 81,6 мың га. Қалған 102,2 мың га алаңда мемлекеттік емес ауыл шаруашылығының заңды тұлғалары мен басқа да кәсіпорындар орын тепкен.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатындағы ауыл шаруашылығының үлес салмағы 99%, оның ішінде егістік – 55%, оның: сортаң топыраққа қарсы шаралар жүргізуді талап ететін алқаптар 14% - ға жуық; дефлиренгені - 37%. Соңғысы егін шаруашылығының сортаң топыраққа қарсы қабылданған аталмыш негізгі шаралардың қатаң сақталуын талап етеді: егістікті үстемдік етуші желге көлденең орналыстыра отыра, көп жылдық шөптермен 50 м белдеудегі егістіктің орналасуы; егістік бетіндегі шабындық қалдықтарын сақтауға мүмкіндік туғызатын және аңыз бен ықтырманьң көмегімен ылғалдың

жиналуын қамтамасыз ететін эрозияға қарсы техниканы пайдаланумен астық дақылдарын егу; ылғалды тиімді пайдалану және астық дақылдарының пісуін жеделдету, олардың өнімділігін көтеру үшін фосфор тыңайтқышын қолдану.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы жайылымның үлес салмағы – 22% (63039), оның ішінде тазасы – 65%, оның ішінде түбегейлі жақсартылған жайылым – 22%. Тапталған жайылым 20% құрайды. Бұл жайылым мал сирек жайылатын, елді мекендермен қатар орналасқан. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сипаттамасы және мәдени жағдайы 4, 5, 6 кестелерде келтірілді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамына Ертіс өзені жайылымындағы, аудан аумағының шегінде орналасқан ерекше шарттармен пайдаланылатын жерлер – 0,4% құрайтын, шабындықтар (1094 га), олар таза негізінде (79%) кіреді.

Ертіс өзенінің жайылмасы флор мен фаунамен ерекшеленетін, бірегей табиғи кешен болып табылады. Оның су басқан шабындығы аймақты дамыту үшін тіршілікті қамтамасыздандыру кепілдік көзі болатын, ауданның негізгі базасының қызметін атқарады. Оның табиғи тепе-теңдігінің бұзылуы ауыр зардаптарға әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 877 "Мемлекеттік табиғи қорықтар және республикалық мақсаттағы мемлекеттік табиғат ескерткіштері туралы" қаулысына сәйкес жайылма шабындықтарын пайдалану және Ертіс өзені жайылмасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оған мемлекеттік табиғи қорық мәртебесі берілді.

*Алынып тасталды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2009.12.25 N 111/19 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер кодексінің 6 тарауына сәйкес жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану кезіндегі құқықтары мен міндеттері жүзеге асырылады.

Жайылмада өсетін кейбір өсімдік түрлері "Қызыл кітапқа" енгізілген, оның ішінде итмұрын, мойыл, долана, қара бүлдірген.

Қазақстанда бұдан басқа табиғи кешен болмағандықтан, бағалы, сирек және жоғалып кетуі мүмкін жайылма өсімдіктерін қорғау ерекше маңызды мағына береді.

Топырақтың әлеуетті және тиімді құнарлылығы есебімен аймақта өсірілетін далалық дақылдар мен топырақ сипаттамасы бойынша егістік пен түбегейлі жақсартылған жерді ұйымдастыру негізінде ауыспалы егісті енгізу жөніндегі ұсыныс жатыр. Астық дақылдарының өнімділігін көтеру, мал шаруашылығы үшін тұрақты азықтық база құру үшін әрекет етуші ғылыми ұсыныстарға сәйкес ауыспалы егіс сұлбасы қабылданды.

Астық дақылдарын 12 пайыздан 16 пайызға дейін физикалық сазбалшықта егістікті және түбегейлі жақсартылған жерді ұйымдастыру негізінде көп жылдық шөптесін 50 метрлік алқапта пайдалану ұсынылды.

Бір жылдық дақылдарды 12 пайыздан 16 пайызға дейін физикалық сазбалшықта көп жылдық шөптесін 100 метрлік алқапта пайдалану ұсынылды.

100 метрлік алқапта физикалық сазбалшықтың 20 пайызынан астамында парды астық дақылдарына пайдалану ұсынылды.

100 метрлік егісте 10 жылдық ауыспалы егіс айналымымен бір жылдық шөптесін астық дақылдарын және көпжылдық шөптесін парларын орналастырумен 5 танапты астықтық танаптық астық шөптесін парлар топырақ қорғау ауыспалы егісі ұсынылады. Дақылдарды кезектестіру сұлбасы (1 егіс – тары/көпж. ш. 1 г; 2 егіс – арпа/көпж. ш. 2 г; 3 егіс – пар/көпж. ш. 3 г; 4 егіс – бидай/көпж. ш. 4 г; 5 егіс – арпа/көпж. ш. 5 г).

50 метрлік алқапта 10 жылдық ауыспалы егіс айналымымен (1 егіс – тары/көпж. ш. 1 г; 2 егіс – күнбағыса/көпж. ш. 2 г; 3 егіс – жүгері/көпж. ш. 3 г; 4 егіс – жүгері/көпж. ш. 4 г; 5 егіс – арпа/көпж. ш. 5 г) кезектестірілген 5 танапты шөптесін отамалы астықты топырақ қорғау ауыспалы егіс және 12 жылдық ауыспалы егіс айналымымен (1-2 егіс дақылдарын кезектестіру – тары/көпж. ш. 1-2 г; 3 егіс – пар/көпж. ш. 3 г; 4 егіс – қарамық/көпж. ш. 4 г; 5 егіс – бидай/көпж. ш. 5 г; 6 егіс – арпа/көпж. ш. 6 г) 6 танапты дән – шөпті парлы топырақ қорғау ұсынылды.

25 метрлік алқапта 6-7 танаптық шөптесін астықты танапты ауыспалы егіс (1 егіс – б.ж.ш./көпж. ш. 5 г; 2 егіс – көпж. ш./ б.ж.ш.; 3 – 6 егіс – көпж. ш. 1-5 г) дақылдар кезектестіріледі.

Бой – бойымен орналастырылған (100-50-25 м) түбегейлі жақсартылған жайылымда бір жылдық шөптерді көп жылдық шөптермен орналастырумен 2 танапты, 6 және 7 танапты (1 егіс – б.ж.ш./көпж. ш. 5 г; 2 егіс – көпж. ш./ б.ж.ш.; 3 – 6 егіс – көпж. ш. 2-5 г) шабындықты – жайылымды ауыспалы егіс ұсынылды.

Табиғи жайылымның өнімділігін сақтау және көтеру, ботаникалық оттылығын жақсарту, эрозияға ұшырауын төмендету немесе оны болдырмау үшін 4-5 танапты жайылым айналымы жүйесіндегі табиғи жайылымды пайдалану жоба сызбасында алаптың кеңдігін ұсына отыра, егісті бой – бойымен орналастыру көрсетілді.

Егіс айналымы егістік жер және оның шекарасы бойынша егіс қорғайтын орман алқаптары құрылды. Орман алқабының негізгі тағайындалуы – желдің жылдамдығын азайту, аңызак желдің әрекетін, шаң – тозаңды дауылдың әрекетін азайту, қар жиналуына көмектесу, микроклиматты жақсарту және нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін көтеру.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатында 348 га суармалы жер бар. Суармалы жерде көкөніс – картоп, картоп – көкөніс және картоп – астық ауыспалы егісі қарастырылған.

Одан басқа, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінде автожолдар, электр беріліс, байланыс жүйелері өтеді. Олардың барлығы өнеркәсіп, көлік және ауыл шаруашылығынан өзге де мақсаттарға арналған жерлер және осы аумақтарды ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерден алып қоюсыз өзінің ерекше шарттарымен қорғалатын аймағы бар. Осы аймақтарды пайдалану шартының сипаттамасы "Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығынан өзге де мақсаттарға арналған жерлерді аймақтарға бөлу" бөлімінен қарау.

Жер пайдаланушылар өздерінің иелігіндегі жер телімдерін мақсатты тағайындалуы бойынша пайдалануға міндетті.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлу 10-кестеде және сызбада көрсетілді.

**Ескерту.2-тарауға өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2009.12.25 N 111/19 шешімімен.**

### **3. Елді мекен жерлерін аймақтарға бөлу**

Елді мекен жерлерін аймақтарға бөлу ауылдық елді мекен аумағын жер – шаруашылық орналастыру жобасына (2001 – 2004 ж.ж.) ауылдық аймақты ұйымдастыру және жоспарлаудың аумақтық сұлбасына сәйкес іске асырылады. Жеке пайдаланудағы мал жаюға арналған уақытша пайдалануға берілген учаскелердің босалқы жерінен қосылған елді мекен шекаралары жер – шаруашылық орналастыру жобасымен түзетілген, алдағы уақытта 10-15 пайыз ұлғайтумен жүргізілді. Жоба бойынша бөлінген қосымша алаңдар жер балансында есепке алынды. Елді мекен жерінің ауданы 2008 жылғы 1 қарашаға 76559 га құрады. Мал басының өсуімен және жайылым алқаптарының жетімсіздігінен, Успен, Ковалев, Надаров, Ольгинка және Қоңырөзек ауылдық округтері елді мекен жерлерінің алаңын ұлғайту жалпы көлемі 4329 га жер қоры жерінен ауыстыру есебінен болжанып отыр.

Елді мекен жерлерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қарастырылды, оларға:

- ауылды шаңды дауылдан, қатты желден, күртік қардан қорғау үшін елді мекен маңына қорғау жасыл аймақтарын жасау;

- елді мекеннің барлық аумағын қоқыстан, көңнен және басқа да тұрмыстық қалдықтардан жоспарлы – жүйелі тазартуды жүргізу;



- санитарлық ережелерге, оларды топырақ үйіп қорғауға сәйкес стационарлық көң сақтау және тұрмыстық қалдықтарға арналған қоқыс тастайтын орынды тәртіпке келтіру;

- зиянды жәндіктер мен арамшөптермен күресу жөніндегі авиатозандандыру, авиасебу жүргізуге тыйым салынған ауыл құрылысы шекарасынан екі километрлік санитарлық аймақ орнату, осы елді мекен жерлерін аймаққа бөлудің 13 – кестесіне енгізілді.

#### **4. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге де мақсаттарға арналған жерлерді аймақтарға бөлу**

Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығынан өзге де мақсаттарға арналған жерлердің 2008 жылғы 1 қарашаға ауданы 2269 га, Успен ауданы алаңының 0,4 пайызын құрайды. Ауданда Үлкен Табылжан көлінде " Павлодартүз" АҚ ас тұзы кенін өндіреді. Ас тұзын өндіруге арналған учаскенің ауданы 559 га (25 пайыз) құрайды.

Автомобиль көлігі жерінің ауданы 1259 га/55 пайыз, қалған алаңда темір жол көлігі, байланыс нысаналары және басқа да жер пайдаланушылардың жерлері орын алған.

Аудандағы автомобиль қозғалысы аталмыш автожолдар арқылы іске асырылады: облыстық (Павлодар – Успен – Ресей Федерациясы шекарасы) және жергілікті мақсаттағы республикалық мақсаттағы Омск – Павлодар – Майқарағай жолы. Бөлінген алқаптың ені 26-дан 44 метрге дейін. Автожолдардағы қозғалыстың үдеуіне байланысты 30 - 50 метрге дейін трасса бойында санитарлық қорғау аймағы белгіленді. Автомобиль көлігін қорғау аймағының бойын пайдалану тәртібі төмендегідей:

1. Қорғау аймақтары жер бөлу алқабына жанасатын жер телімдеріне нысаналарды пайдалану қауіпсіздігі мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгіленеді;

2. жер пайдаланудың жер төсемінде қолайсыз жерлерді болдырмау мүмкіндігінің ерекше жағдайлары;

3. қорғау аймақтары шегінде табиғи топырақ жамылғысын бұзуға, өсімдіктерді құртуға жол берілмейді.

Одан басқа, аудан бойынша жер асты байланыс кабелінің желістері салынған. Сондай – ақ байланыс кабелінің бойына қызмет көрсетілмейтін күшейткіш пункт орнатылған. Оның ауданы 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 14 га құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1010 қаулысымен телекоммуникация жүйелерін қорғау ережесі бекітілді. Осы

жүйелер зақымданғанда, телекоммуникациялардың қалыпты жұмысы бұзатындықтан және халық шаруашылығы мен еліміздің қорғанысына зиян келтіретіндіктен, телекоммуникациялар жүйелерін (кабелдік, радиорелелік) сақтауды қамтамасыз ету үшін осы ереже енгізілді.

Трассада жер асты байланыс кабелі жүйесінің жан – жағынан 2 м арақашықтықта жер асты кабелі трассасынан қорғайтын, осы жүйелер бойы көлденең тік анықталған жерлердің учаскесі түріндегі қорғау аймақтары белгіленді.

Ауылдық аймақтағы кабель жүйелерінің жер асты трассаларында бағдар болып табылатын, өлшенген нысана белгіленді.

Жер асты кабель жүйелері қорғау аймақтарына кіретін жер телімдері жер пайдаланушылардан алып қойылмайды және олар ауыл шаруашылығын жүргізу үшін және өзге де мақсаттарға пайдаланылады.

Аталмыш міндетті талаптарды сақтау арқылы:

- 1) тану белгілерін ауыстыруға, көмуге, сындыруға;
- 2) қоқыс орнының кез келген түрін жасауға;
- 3) кез келген құрылысты жүргізуге;
- 4) ағаштар мен бұталар егуге, мал азығын үюге, мал ұстауға, суат жасауға және т.б. тыйым салынған.

Аудан аумағы бойынша ӘЖ – 10 кВ, ӘЖ – 35 кВ және ӘЖ – 110 кВ ("Павлодарэнергосервис" АҚ) электр беру желісі өтеді.

Электр берудің әуе желісі үшін электр желісін қорғау және санитарлық қорғау аймақтары 35 кВ – 15 м, 110 кВ – 20 м дейінгі кернеумен арақашықтықта шеткі сымдар желісінің екі жағынан тік жазықпен шектелген жер телімі және әуе кеңістігі түрінде белгіленеді.

Электр желісін қорғау аймағына кіретін жер телімдері жер пайдаланушылардан алып қойылмайды және осы Ережені сақтаумен ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылады.

Мыналарға тыйым салынады:

1. Барлық жер қазу жұмыстарын жүргізуге, ағаштар мен бұталар егуге және кесуге, малға арналған қоршау жасауға;
2. жүгімен және жүксіз жолдармен немесе 4-5 м астам жер бетімен машиналар мен механизмдердің жүріп өтуіне;
3. астық, сабан үю, қоқыс үюдің түрлі түрін жасауға.

Жерді ерекше жағдайлармен пайдалану тізімі және олардың өлшемдері 15 – кестеде көрсетілді.

## **5. Жерді ерекше шарттармен пайдалану аумақтарын аймақтарға бөлу**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 қарашадағы " Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы" N 1074 қаулысына сәйкес Ертіс өзенінің жайылмасы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатады.

Ертіс өзені жайылмасындағы Успен ауданының аттамалы учаскелерінің 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жалпы көлемі 3337 га (оның ішінде 293 га шабындық), оның ішінде Ақсу қаласы ауылдық аймақ жерінде – 2449 га (2211 га шабындық), Павлодар ауданы жерінде - 865 га (720 га шабындық).

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерін аймақтарға бөлу деректері 18-кестеде келтірілді.

**Ескерту.5-тарауға өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2011.10.27 N 215/41 (жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **6. Орман қоры жерін аймақтарға бөлу**

Орман қоры жер санаты 1143 га құрайды, оның ішінде шабындық – 1,0 га, батпақ – 2,0 га. Орман екпелері ауданның биосфера және физика – географиялық ортасының елеулі құнды құрамдас бөлігі болып табылады.

Соңғы жылдары орман алқаптарына елеулі зияндар келтірілуде, рұқсатсыз орманды кесу және орман өрттері. Алдағы уақытта өртенген және иен жерлерге ағаш егу және тәртіпке келтіруді қолға алу қажет.

Қоршаған ортаны қорғаудың кешенді мәселесіне, сондай – ақ табиғат элементтерін адамның шаруашылық қызметінің жағымсыз әсерін жоюға бағытталған шаралар жүйесіне Павлодар – Лозовое автожолдары бойының мемлекеттік орман қорғау алқаптарының маңызы ерекше. Ауданда 227,0 га алаңға құрылған, олар микроклиматтық және гидрологиялық жағдайларды жақсартуға мүмкіндік туғызады. Успен ауылдық округі шекарасында жалпы көлемі 60,0 га босалқы жер қорынан орман жерлеріне ауыстыру есебінен орман қорының жерін ұлғайту болжанып отыр.

Орман қоры жерінің шекарасы бойына ені 2000 м қорғау аймағы белгіленді және оның аумағының экологиялық жүйесінің жағдайына және қалпына келтіруіне кері әсер ететін, кез келген қызмет аймағының шегінде тыйым салу және ерекше пайдалану тәртібі енгізілді.

Орман қоры жерін аймақтарға бөлу деректері 19 – кестеге енгізілді.

## **7. Су қоры жерін аймақтарға бөлу**

Су көздерінде орналасқан суаттар, батпақтар, ағысты реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары орналасқан жерлер, сондай – ақ су қорғау

аймақтары мен осы құрылыс белдеулері мен ішетін су жабдықтау бас саға жүйесін санитарлық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер су қоры жерлері болып табылады. Су нысаналарын қорғау және қалпына келтіру, олардың гидрологиялық тәртібін және санитарлық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші дәрежелі мақсат – су қорғау аймағын және су нысаналары алқабын белгілеу, арзан табиғи шаралар жүргізу және су қорғау аймағы мен алқаптан шаруашылық және өзге де қызметінің арнайы тәртібін аумақта белгілеу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2006 жылғы 21 ақпандағы N 33 "Су қорғау аймақтары және су нысаналары алқаптарын жобалау жөніндегі техникалық нұсқауды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес су белдеулері бойына су қорғау аймақтары белгіленді. Өзендер мен көлдерге арналған 2 шаршы километрге дейін 300 м акватория, батпақ пен өзеннің қайнар көзі үшін – 50 м кем емес шаруашылық пайдалануға арналған күрделі жағдайлармен (Ертіс өзені) – 1000 м. Жер үсті және жер асты суларын ластанудан, бітеліп қалудан, сондай – ақ олардың тәртібін өзгертуден қорғауға жатады. Осыған байланысты, су қорғау ормандары мен бұталарын жоюға тыйым салынған.

Су қорғау аймақтарында мыналарға тыйым салынады:

- авиациялық химиялық жұмыстар жүргізуге;
- зиянкестермен, өсімдік және арамшөптермен күрес жүргізуде тыңайтқыштар мен химиялық құралдар қолдануға;
- топырақты тыңайту үшін көң суын пайдалануға;
- улы химикаттар, минаралдық тыңайтқыштар мен жанар – жағар май материалдары қоймаларын, мемлекет шаруашылығы құрылыстарын орналастыруға;
- техника жуу, қоқыс және көң тастайтын қондырғы, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды тастауға, техникаға жағар – жанар май құюға.

Шектелген шаруашылық қызметінің тәртібі белгіленген, су нысаналары мен су шаруашылық құрылыстарына іргелес су қорғау аймағы шегіндегі ені 20 м кем емес аймақ, су қорғау белдеуі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша су қорғау белдеуі шегінде мыналарға тыйым салынады:

- жерді жүйелі жыртуға;
- малдың жазғы лагерін ұйымдастыруға және бағуға (дәстүрлі суат орнын пайдаланудан басқаға).

Су қорғау алқаптарын орман бұталары өсімдіктері орын алуы тиіс, су қорғау алқаптары шегіндегі жер телімдері су жабдықтау, рекреация, су және аңшылық шаруашылықты, егер су пайдалануға лицензиясы болса, нысаналарын орналастыруға ғана беріледі.

Ауданда ұсақ көлдер сияқты ірі өзендер де көп болғанмен, Успен ауданында су қорының жері 2008 жылғы 1 қарашаға анықталған жоқ.

Бүгінгі күні көлдердің алаңдары басқа жер санаттар жерлеріне жатады.

